


|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br/>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ<br/>МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ<br/>АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b> | Ф 017-1.51-2023 |
|   |  | 13.10.2023ж.    |
| Хаттама   |  | Бет 1 - 4       |

**«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадасының II кезеңінің Комиссия отырысының**

**№ 1 ХАТТАМАСЫ  
23.04.2024 ж.**

**Комиссия төрағасы:**

1. Еспенова А.Т. - «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі.

**Комиссия мүшелері:**


1. Қосанова Г.Б. – ҚР Суретшілер одағының Арт менеджері, Қазақ Ұлттық өнертанушы Өнер институтының «Театр өнері және өнертану» факультеті, «Өнертану» кафедрасы;
2. Кенжебаева Л.А. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
3. Жаңбыршиева А.О. – Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
4. Ыдырыс З.А. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
5. Қарабалаева Б.Р. - «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
6. Мусабекова Л.Д. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, Phd;
7. Рахманәлі С.А. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі, жауапты хатшы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

Республикалық студенттік пәндік олимпиадасының БББ:V024 – «ӨНЕРТАНУ», 6B02195 - «ӨНЕРТАНУ» бейіні бойынша II кезеңінің қорытындысын талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. Еспенова А.Т.:** Сәлеметсіздерме олимпиадаға қатысушы құрметті студенттер, комиссия мүшелері мен оқытушылар. Бәріміз білетіндей XVI Республикалық студенттік Пәндік Олимпиада жыл сайын өтетін іс-шара. Оған Республиканың шығармашылық ЖОО-нан басқа да студенттер қатысып сіздермен бәсекеге түседі. Өздеріңіз білетіндей олимпиада ғылыми зерттеу жұмысынан ерекшелігі сіздер осында отырып жазасыңыздар. Тапсырылған жұмыстар сол бойынша бағаланады. Өздеріңіздің деңгейлеріңізді көрсетіп, білім алып жатқан мамандық бойынша – көркем сын, талдау жұмыстарыңыз бойынша осы олимпиадада сіздердің жазбаша жұмыстарыңыз бағаланады. Сондықтан жауапкершілікпен қарап, ойланып, тиянақты, еркін өздеріңіздің ойланыңызды жазыңыздар. Бүгінгі XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің ашылу салтанатымен барлықтарыңызды құттықтай отырып, қатысушы студенттерге сәттілік тілеймін. Сондықтан назарларыңызға шығармашылық тақырыптарды ұсынып,

|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br/>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ<br/>МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ<br/>АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b> | Ф 017-1.51-2023 |
|   |  | 13.10.2023ж.    |
| Хаттама   |  | Бет 2 - 4       |

таныстырып өтейін: Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің тақырыптары «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы бойынша бірінші тақырып:

1. «Қазақстан бейнелеу өнерінің тұңғыш кәсіби суретші Ә. Қастеевтің 120 жыл толуына орай «Қастеевтің бейнелеу өнеріндегі мұрасы»  
Екінші тақырып:
2. Қазақстан суретшілерінің шығармашылық портреті.  
Және үшінші тақырып бізде:
3. «Еркін тақырып: Қазақстан және шетел суретшілерінің шығармалары (стилистикалық талдау)».

Енді Олимпиаданың өту барысы мен нәтижелерін қорытындылауға ат салысқан комиссия мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Қосанова Г.Б. – ҚР Суретшілер одағының Арт менеджері, Қазақ Ұлттық өнертанушы Өнер институтының «Театр өнері және өнертану» факультеті, «Өнертану» кафедрасы;
2. Кенжебаева Л.А. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
3. Жаңбыршиева А.О. – Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
4. Ыдырыс З.А. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
5. Қарабалаева Б.Р. - «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
6. Мусабекова Л.Д. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, Phd доктор;
7. Рахманәлі С.А. - «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, жауапты хатшы.

Олимпиадаға қатысушы студенттер мен олардың жұмыстарына қойылатын талаптарға тоқталып өтсек.

**Жазба жұмысында** – берілген тақырыптар бойынша студент өзінің отандық және әлемдік көркемөнер процесінен, жекелеген көркемөнер туындысы мен суретшінің өмір тарихынан хабардар болуы керек.


**Жұмыстың орындалу уақыты – 3 сағат.**

**Жазба жұмысына қойылатын талаптар:** Олимпиадаға қатысушы жазба жұмысына таңдалған тақырып бойынша өзінің түсінігін толық аша білуі қажет; бейнелеу өнерінің тарихы бойынша білімінің жеткілікті деңгейде екендігін дәлелдеуі керек, бүгінгі еліміздегі және әлемдегі көркемөнер мәдени кеңістігінде болып жатқан жаңалықтармен және суретшілердің шығармашылығымен, қолтаңбалық ерекшеліктерімен жақсы таныс болуы қажет; өзінің ұстанымын нақты дәлелдей алуы және ойын жеткілікті түрде еркін жеткізе білуі тиіс.

Жұмыс көлемі – 5 беттен кем болмауы тиіс. Ал, ендеше қатысушыларға сәттілік тілейміз! Уақыттарыңыз басталды. Жақсы жұмыстар күтеміз.

**Олимпиада жұмыстарын талқылау бойынша сөз алғандар:**

**Рахманәлі С.А.:** Құрметті комиссия мүшелері, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңі аяқталды. Жалпы қатысқандар саны – 12 студент, қатысушылардың барлығы белсенділік танытып

|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br/>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ<br/>МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ<br/>АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b> | Ф 017-1.51-2023 |
|   |  | 13.10.2023ж.    |
| <b>Хаттама</b>  |  | Бет 3 - 4       |

толық 12 жұмыс жазылды. Жазылған жұмыстардың 1-і орыс тілінде, қалған 11-ы қазақ тілінде жазылды. Барлықтарыңыз жұмыстардың мазмұнымен толық таныстыңыздар. Осы орайда пікірлеріңізді ортаға салуларыңызды сұраймын.

**Еспенова А.Т.:** Қайырлы күн, әріптестер. Барлық жұмыстарды оқып, таныстым. Биылғы студенттердің арасында бірінші курс жақсы деңгейде екені бірден білінді. Бірақ, кей жұмыстар толық бітпеген. Мәселен, Бекмухаметова Аяулым жұмысы тырысып жақсы жазған, детально талдап бірақ кішкене ауытқып кеткен. Бірақ әйтуір талпынысы бар.

**Ыдырыс З.А.:** Құдайбергенова Жанель тақырыпты аша алмаған, көлемі өте аз, талапқа сай жазылмаған және сөздік қоры мен сөйлем құрылымдары байланыспайды, ойы шашыраңқы.

**Жаңбыршиева А.О.:** Аитова Алина жалпы сипаттау талдау талпынысы бар бірақ көлемі өте аз.

**Қосанова Г.Б.:** Бұл пікірмен келісемін. Енді үшінші орынға кімдерді лайық көресіздер соларға тоқталып кетсек. Тұрсынғазы Гина, Мубарак Мадияр және Тұрғын Берекенің жұмыстарын үшінші орынға ұсынбақшымын. Жалпы бас аяғы жинақы жазылған құрылымы бар жұмыс. Сөз саптаулары, мәтін құрылымдар жақсы бірақ бір сыдырғы, талдаудан гөрі баяндау, сипаттау жағы басым екен.

**Кенжебаева Л.А.:** Айгерім Тұрсыновна, Зухра Асылбековна сіздердің сөзіңізбен толық келісемін. Үшінші орынға Тоқымырза Мансия, Беккужина Аружана және Тұрсынғазы Гинаны ұсынып отырмыз. Тоқымырза Мансия талаптарға сай көлемі жалпы келеді, бірақ эссенің басы өте жақсы бастаған ортасынан бастап ойы шашырап кетеді мәтіннің құрылымын жоғалтып алған, ойы түніксіз болып қалған.


**Жаңбыршиева А.О.:** Татыран Қалданай мен Бекмухаметова Аяулым екінші орынға ұсынылып отыр. Татыран Қалданай эссесі өте жақсы, суреттеуі талаптарға сай жазылған бірақ жаңағы бұрынғы дайындалған тақырыбы деген немен ғана екінші орын беріп отырмыз.

**Қосанова Г.Б.:** Жалпы жаман емес. Студенттің талпынысы қуантады. Бірақ бұл студентке де мәтіннің жалпы көркемдік құрылымымен абзацтардағы ойлардың сабақтастығын бірізділікті сақтай отырып көрсетсе екен пікірдемін. Екінші орынға әбден лайық жұмысы. Бірақ, болашақта бұл студенттен бұдан да жақсы нәтижелер күтемін. Тақырыпты ашқан, мәтінде ойын бірізді жүйелі баяндаған. Сөйлем мен абзацтарда логикалық бірізділік сақталған. Дегенмен өз мүмкіндігін толыққанды пайдаланып көрсете алмапты.

**Кенжебаева Л.А.:** Қарсы болмасаңыздар бірінші орынға 2 курс студенті Тоқымырза Мансия жұмысын ұсынар едім. Мансия осы жолы мақтағым келіп тұр. Кәсіби тұрғыда 2 курс бола отырып, басқа курспен салыстырғанда бұл студентте кәдімгідей жазу қабілеті байқалады. Туындыны көріп қабылдауы өте жақсы.

**Еспенова А.Т.:** XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің жеңімпазы ретінде кімге тоқталып отырсыздар? Осы аталған жұмыстардың ішінде 2 курс студенті Тоқымырза Мансияның жазған жұмысы 1-ші орынға әбден лайық сияқты. Студент ойын анық, бәл әрі дәйекті баяндағы. Өзіндік көзқарасын да ашық жеткізген.

Сонымен, студенттердің ортақ бағасын шығарып, бүгін кезекті рет өткізілген XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің қорытындылаймыз.

|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br/>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ<br/>МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ<br/>АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b> | Ф 017-1.51-2023 |
|   |  | 13.10.2023ж.    |
|   | Хаттама  | Бет 4 - 4       |

**Мәжіліс шешімі:**

1. XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өткізілді деп есептелсін және төмендегідей орындар берілсін, академиясы XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңінің бағдарламасы қосымша тіркелсін:

**I дәрежелі диплом** - 2 курс студенті Тоқмырза Мәнсия

**II дәрежелі диплом** - 2 курс студенті Бекмухаметова Аяулым

**II дәрежелі диплом** - 2 курс студенті Татыран Қалданай

**III дәрежелі диплом** - 3 курс студенті Тұрғын Береке

**III дәрежелі диплом** - 3 курс студенті Мубарак Мадияр

**III дәрежелі диплом** - 2 курс студенті Тұрсынғазы Гина

Ынталандыру алғыс хатымен марапатталсын: Құдайбергенова Жанель, Аитова Алина, Бабахан Мейрамбек, Саданов Елқайыр, Каирова Мөлдір

**Комиссия төрағасы:**

Еспенова А.Т. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, доцент, Phd;

**Комиссия мүшелері:**

1. Қосанова Г.Б. - ҚР Суретшілер одағының Арт менеджері


2. Кенжебаева Л.А - аға оқытушы, өнертану магистрі

3. Жаңбыршиева А.О. - аға оқытушы, өнертану магистрі

4. Қарабалаева Б.Р. - аға оқытушы, өнертану магистрі

5. Ыдырыс З.А. - аға оқытушы, өнертану магистрі


6. Мусабекова Л.Д. - оқытушы, Phd.



**Жауапты хатшы:**

Рахманәлі С.А. оқытушы, өнертану магистрі

Кафедра меңгерушісі



Еспенова А.Т.

Жауапты хатшы

Рахманәлі С.А.